

Список использованной литературы

1 Абыласимов М.Н. Конституционное производство в Республике Казахстан // Право и предпринимательство: матер. междунар. науч.-практ. конф. – Караганда: РИО «Болашак-Баспа», 2013. – С. 319-321.

2 Абыласимов М.Н. Правотворческая деятельность конституционного совета Республики Казахстан // Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане: сб. ст. междунар. науч. конф. – Алматы: Раритет, 2013. – С. 61-67.

3 Котов А. К вопросу о понимании правовых позиций Конституционного Совета РК // Правовая реформа в Казахстане. – 2005. – № 3. – С. 5-15.

4 Жакаева Л.С. Акты Конституционного Совета РК процессуального значения // Фемида. – 2006. – № 6. – С. 18-28.

5 Mussin K., Abylassimov M. Constitutional and legal regulation of the military policy of the Republic of Kazakhstan // Wulfenia. - 2014. - Vol 21, № 6. – P. 97-105.

6 Жакаева Л.С. Конституционный процесс в Республике Казахстан: теоретико-правовые вопросы: дис. ... док. юрид. наук: 12.00.02. – М., 2008. - 430 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

*Қанатова Алтынай Қанатқызы, «Сот және құқық қорғау қызметі»
мамандығының 1 курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі: Абиев Ержан Сапарғалиевич, Жалпықұқықтық және арнайы
пәндер кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі
Қазтұтынуодағы Қараганды университеті*

Әлеуметтік мемлекеттілікті қалыптастыру және әлеуметтік мемлекеттің мәнінің анықталу мәселесі бүгін де өз өзектілігін жоғалтып алмай келеді. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [1] деп көрсетілген. Осылайша, Қазақстан әлеуметтік мемлекеттіліктің жалпыға бірдей танылған халықаралық стандарттарына сәйкес келетін әлеуметтік саясатты жүзеге асыру міндеттемелерін өзіне алды.

Әлеуметтік мемлекеттілікті қалыптастыруда, Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастықтың бір бөлшегі ретінде, бұл үдерісті қалыптастыруда аса маңызды құндылыққа ие. Қазақстан үшін әлеуметтік мемлекеттілікті қалыптастырудың шетелдік тәжірибесі маңызды, бұл ретте бірінші кезекте посткеңестік үдерісте ұқсас міндеттерді елеулі түрде шешетін елдерді атап өткен жөн. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстанның дәстүрлі және берік достық байланыстары бар мемлекеттің бірі - Ресей Федерациясының тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырады, ол өзінің Конституциясында мемлекеттің әлеуметтік сипаттамасын бекітті және құқықтық негіздерін құруға және әлеуметтік саясатты жүзеге асыруға айтарлықтай күш жұмсауда.

Бұл мәселенің өзектілігі әлеуметтік қайта жаңғырудың құқықтық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігінен де туындап отырғаны ақиқат десек, осыған байланысты: Қазақстан Республикасының Конституциясына тиісті ережелермен белгілі бір толықтырулардың қаншалықты қажет екенін талдау, сондай-ақ Қазақстандағы мемлекеттік әлеуметтік саясатты жетілдіру бөлігінде бірқатар арнайы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу талап етіледігін көрсетеді.

Әлеуметтік мемлекет тұжырымдамасының негізін қалаушы Л.Фон Штайн болып саналады, ол «Германияның мемлекеті мен құқығы туралы ғылымның бүгінгі мен болашағы» кітабында былай деп жазды: «Мемлекет өзінің күшінің арқасында барлық әлеуметтік таптар үшін, жеке өзін-өзі анықтайтын және жеке тұлға үшін құқықтардың абсолютті теңдігін сақтауға міндетті». Бұл тұста, «мемлекет оның барлық мүшелерінің экономикалық және әлеуметтік прогресін жүзеге асыруы керек, өйткені біреуінің дамуы екіншісінің дамуының шарты мен салдары болып табылады және осы мағынада біз әлеуметтік немесе әлеуметтік мемлекет туралы айтамыз» -деп тұжырымдайды [2. 236].

Бұл идеяны басқа ғалымдар мен саясаткерлер, атап айтқанда АҚШ президенті Вудроу Вилсон қолдады, ол өз кезегінде, мемлекеттің барлығына тең жағдай (мүмкіндік) жасау және белгілі бір өмір сүру деңгейін сақтау міндеті туралы жазып айқындайды, ал Леон Дюги өз кезегінде, «жақсы мемлекет» тұжырымдамасының әлеуметтік мемлекет ұғымында Ф.Фабрициуспен байланыстырды. Нақты айтар болсақ, халықтың барлық топтарына және экономикалық тұрғыдан осал топтарға қамқорлық жасау міндеті сияқты сипаттамаларды қоса алғанда, мемлекеттің міндеті қарама-қарсы әлеуметтік мүдделерді теңдестіру және барлық азаматтарға лайықты адам өмірін жүргізуге мүмкіндік беру болып табылады деген пікірмен келісер болсақ, мемлекеттің қоғамдық тәртіпті құру жөніндегі міндеттемелері мен өкілеттіктерін, сондай-ақ меншікке, оның ішінде оны қайта бөлуге жаңа және алуан түрлі нысандар мен мүдделердің әсерін және де жеке адамның ортақ міндеттерін қоса алғанда, тең деңгейлі өмір сүру мәселелерін шешуге қатысу міндеттемелерін көрсетеді.

Құқықтық категория ретінде «Әлеуметтік мемлекет» ұғымы алғаш рет 1949 жылғы Германияның Конституциясында (негізгі заңында) пайда болды деп пайымдайтын болсақ, содан кейін ол 1958 жылғы Францияда, 1978 жылғы Испанияда, 1991 жылғы Румыния мемлекетінде, 1991 жылғы Словенияда, 1991 жылғы Колумбияда, 1993 жылғы Перуде, 1996 жылғы Украина мемлекетінде, 1998 жылғы Эквадорда, 1999 жылғы Венесуэла мемлекетінде, басқа да бірқатар елдердің Конституцияларында қалыптасты дейтін болсақ, Қазақстан Республикасының да Ата заңында өз бейнесін қалыптастырған. [3. 556].

Алайда, бұл ұғымның мәні мен мазмұны Қазақстан заңнамасында жүйелі ашылмаған. Сондықтан, әлеуметтік мемлекет көп жағдайда халықтың белгілі бір топтарын атаулы әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін мемлекет ретінде түсіндіріледі.

Сонымен қатар, бұл ұғым Л.С. Мамуттың пікірінше, әлеуметтік мемлекет деп «өз мүшелеріне белгілі бір әлеуметтік қызметтерді (саяси, әкімшілік, сот қызметтерінен басқа) көрсетуге» өзін-өзі байланыстыратын «қоғамның жария-билік ұйымы» деп талдаса, М. В. Баглай әлеуметтік мемлекет – бұл «әлеуметтік әділеттілікке, өз азаматтарының әл-ауқатына, олардың әлеуметтік қорғалуына қамқорлық жасау міндетін өзіне алатын» мемлекет деп санайды. Сондай-ақ, бірқатар авторлар әлеуметтік мемлекеттің мәнін түсінуді әлеуметтік қатынастарды реттеумен байланыстыратындығын атап өткен жөн.

Мемлекет тарапынан бұл тұста, «Қазақстан-2050» стратегиясы, «100 нақты қадам» бағдарламасы және «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы, «Жол картасы-2020», «Болашақ» бағдарламаларының маңыздылығы зор. Атап айтқанда, халықтың әл-ауқатын көтеру, еңбек ресурстарының тиімді пайдалану мен білім беру жүйесінің де қарқынды дамуына үлесін қосып келеді. Бірақ, қоғам үшін жүйеленген нормативтік - құқықтық бекітілген заңдылықтың (Конституцияның) жоғарғы бір ізділенген жүйесін жетілдіру маңызды.

Бұл тарапта, мемлекет үшін арнайы заң нормасын қалыптастыру қажет деп ойлаймыз. Атап айтар болсақ, Еңбек кодексін «Еңбек және әлеуметтік қорғау мен қамтамасыздандыру» Кодексімен алмастыра отырып, заң нормасын ұсынуға болады. Бұл заң нормасының маңызды аспектісі:

Біріншіден, атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаж тұлғалардың құқықтық аспектілерін реттеуге бағытталса, екіншіден, адам және азаматтардың, жеке тұлғалардың, мүгедектердің, көп балалы отбасылардың, толық емес отбасылардың еңбекке қабілеттілігін айқындай отырып, мемлекетте халықтың әлеуметтік теңдігін қамтамасыз ету және санатына байланысты мемлекет тарапынан қолдау білдіру болып табылады.

Бұл заңнаманың басымдықтары, Қазақстан Республикасында әлеуметтік мемлекет ретіндегі, нақты, негізсіз қалыптасуы үшін келесі шаралар жүйесін жүзеге асыруды қамтамасыздандыру қажеттігін көрсетеді:

- Қазақстан Республикасында өмір сүру сапасы мен деңгейінің әлеуметтік стандарттарын халықаралық стандарттар деңгейінде белгілеу (ең төменгі күнкөріс деңгейінің, ең төменгі жалақының қазіргі көрсеткіштері физиологиялық тыныс-тіршілікті қолдауға мүмкіндік береді және азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтерге жұмсалатын барлық шығыстарды ескермейді);

- қалыпты прогрессивті салықты енгізу, табиғи ресурстарды пайдаланудан кірістерді қайта бөлу және ҚР әрбір азаматына табиғи ресурстарды коммерциялық пайдаланудан рентаның дербес үлесін бөлу есебінен халықтың неғұрлым ауқатты бөлігі мен халықтың кедей бөлігі арасында экономикалық, экологиялық және мәдени ресурстарды бөлудегі үлкен алшақтықты біртіндеп жою;

- әлеуметтік жәрдемақылардың, азаматтардың зейнетақы жинақтарының жай-күйі мен қозғалысына мемлекеттік және қоғамдық бақылауды күшейту;

- әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және көтермелеу, оның нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру;

- бизнес қоғамдастық өкілдері демеушілік ететін қайырымдылық, өзге де әлеуметтік қорларды кеңейту саясатын іске асыру;

- қазақ халқының туыстық байланыстарға, жерлестік пен мұсылман дініне негізделген әлеуметтік қолдау саласындағы дәстүрлі институттарын, әдет-ғұрыптарын белсенді пайдалану;

- бір жағынан ҚР азаматтарына және арнайы шақырылған шетелдік мамандарға еңбекақы төлеудегі және ҚР азаматтарына заңды еңбек мигранттарына еңбекақы төлеудегі арақашықтықты жою.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 30 тамыз 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы www.adilet.zan.kz

2. Шмаков В.С., Вавилина Н.Д., Дунаев В.Ю. Социальная политика: модели и стратегии. Новосибирск: Параллель, 2007. С. 52.

3. Федоров С.М. Социальная политика с странах Европейского Союза: от неолиберализма, к идеям активного социального государства // Социальная политика в контексте межсекторного взаимодействия. М., 2009. С. 345

ETHICAL ASPECTS OF LEGAL REGULATION OF SURROGACY IN KAZAKHSTAN

*Myrzakhmetova S.M, Graduate student at KarU named after academic E.A. Bukatov
Supervisor – Saduova D.M., PhD, Senior Lecturer at
KarU named after academic E.A. Bukatov*

The importance of the family in our life, in the life of society and the state occupies an important and high position. The institution of marriage and family has traditionally pursued the goal of procreation at all times. However, some couples of reproductive age are not able to conceive. Even taking into account the achievements and level of development of today's medicine, not every woman's health allows her to conceive and give birth to a healthy child of her own. And the reasons for over just 15% of married couples not having children are very different [6] Most often future parents face problems of reproductive character due to their health conditions, and in some cases medicine is powerless. Such circumstances push spouses to resort to surrogacy. Surrogate motherhood then comes to occupy a special place in the issues of reproductive medicine. In fact, surrogacy is legally established in the Republic of Kazakhstan. However, the issue it contentious. The aim of this article is to address some of the moral and ethical dimensions of surrogacy.

Surrogacy has become a reality in Kazakhstan since 1998 after the definition of "surrogate motherhood" was introduced into the Law "On Marriage and Family" [1]. In 2004, the Law of the Republic of Kazakhstan dated 16.06.2004 N565-2 "On the reproductive rights of citizens and guarantees of their implementation" was published [2], which consolidated in more detail the legal regulation of relations related to auxiliary methods of conception and secured the rights to a child for genetic parents.

The legislation clearly regulates the relations between the parties involved in surrogacy. Chapter 1 of the Code of the Republic of Kazakhstan dated December 26, 2011 "On Marriage (Matrimony) and family" defines surrogacy, surrogate mother and surrogacy contract as following: surrogate mother - a woman carrying a fetus after the use of assisted reproductive methods and technologies and giving birth to a child (children) for customers according to the surrogacy agreement; surrogate motherhood – carrying and giving birth to a child (children) including cases of premature birth, under an agreement between the surrogate mother and the spouses with payment of remuneration; surrogacy contract is a notarized written agreement between persons who are married and want to have a child, and a woman who has given her consent to bear and give birth to a child through the use of assisted reproductive methods and technologies [4]. Also, article 146 of the Code of the Republic of Kazakhstan "On the Health of the people and the healthcare system" (September 18, 2009) is devoted to assisted reproductive methods and technologies, which states that a woman and a man who are married have the right to use assisted reproductive methods and technologies if there is mutual informed consent for medical intervention. [3]